

Дуйсембаева Меруерт Еласханқызы магистр, аға оқытушы
Қазақстан инженерлі – педагогикалық Халықтар достығы
университеті,
Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы

Лингвистиканың зерттеу бағыты

Қазіргі заман лингвистикасының зерттеу бағытының өзгешелігі - иманентті, структуралық лингвистикадан өзгешелеу жаңа арналарға, яғни тілді жеке адаммен, оның ұлттық ойлау болмысы, ұлттық менталитетімен байланыстырақарауға ден қоюы. Когнитивті, антропологиялық лингвистикамен қатар, лингвомәдениеттану сараланып келеді. Кез келген мәтін үлгісі субъектінің пәрменді сүйеуінсіз немесе антропоцентристік болуы мүмкін емес. Мәтінді талдаудың қазіргі негізгі бағыттары: *мәтін лингвистикасы, мәтіннің лингвостилистикасы, поэтикалық лингвистика* сияқты тілдік талдаулармен жүзеге асырылады.

Мәселен, мәтін стилистикасы тілдік единицалардың жүйелі-құрылымдық сипаты мен мәтіннің функционалды-стильдік мәртебесін анықтау, әрі оны талдаудың әдістерін нақтылау болса, поэтикалық, лингвистика бұған дейін қалыптасқан теориясы мен тарихына сүйене отырып, сөз құдіретінің эстетикалық мүмкіндіктерін зерттейді. Мәтін интерпретациясының негізгі мақсаты - вербалды-коммуникативтік тұрғыда "адам факторының" тілдегі орны, антропоцентристік жаңа бағыттағы ізденістерді байқату. Бұл ретте тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика филология ғылымы үшін ең маңызды саласы. Ал мәтін ыңғайында (контекст) жүзеге асырылуы лингводидактиканың көмегіне сүйенеді.

Көркем, публицистикалық мәтін, ресми іс мәтіні, ғылыми мәтін - кез келген ақпараттың көзі болып табылады. Қоршаған орта шындығын жеке тілдік таңбамен реалды және ирреалды шындықтарын қабылдауда адамның сана болмысындағы қалыптасқан лексика деңгейінің шамасы тек мәтінде ғана көрінеді. Мұндай механизмдерді талдау қазақ тіл біліміндегі мәтінді лингвистикалық талдаудың ғылыми-теориялық негіздерінің қалыптасуы туралы пән мақсатында түсіндірілуі тиіс. Бұл ретте классик жазушылардың шығармаларының тілін зерттеген теориялық талдаулардың бүгінгі тіл білімінде мәтін талдаудың жаңа қырларын анықтауда қосар үлесі жоғары бағаланады.

Соңғы 10-15 жыл көлеміндегі жаңа буын, жаңа заман шығармаларындағы әлемнің тілдік суреті, жеке тілдегі ұлт тұлғасы, адам және тіл сияқты концепциялар тұрғысынан мәтіннің лингвистикалық талдауы жүзеге асырылып келеді.

Қазір қазақ тіл білімінде мәтін түрлері ғылыми түрде толық сараланды деп айту қиын. Ұлттық-мәдени ерекшеліктердің рухани қайнар көздерінің бірінен саналатын - шешендік өнер, билер дискурсы, тілек-бата сөздеріндегі суггестивтік элементтер әлі мәтіндік теорияда өз деңгейінде сөз етілмеген.

Сонымен қатар, мәтін лингвистикасын талдау барысында кешелі бүгінгі сот дискурсындағы лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшеліктер де қамтылуы тиіс.

Мәтін түзетін мәдени коннотацияларды анықтау үшін көптеген мәтін үлгілерін салыстыра қарастыру қажет. Аударма мәтіндеріндегі ұлттық болмыс лексикасының берілуі, лексикалық лакундар туралы да мәтіндік зерттеулерде қамтылуы керек.

Лингвистикалық талдаулардың бір түрі (типі) ретінде **-стилистикалық талдау** - бізге белгілі лингвистикалық талдаудан мүлдем ерекшеленетін мазмұндық жағы, талдаудың соңғы нәтижелері сипатында аңғарылатын талдау түрі. Тілдік деңгейлердің ішінде көбінесе белгілі бір тілдік деңгейдегі единицаға арналған талдаулардан гөрі

стилистикалық талдаудың ауқымы кең. Стилистикалық талдау таза лингвистикалық талдаудан тереңдеу, ол көркем мәтіндегі идеяға да қатысы бар. Стильдік талдау табиғатына қарай филологиялық талдау ретінде эстетика, мәдениет тарихы, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға тығыз байланысты.

1927 жылы А.М.Пешковский ұсынған әдіс **стильдік эксперимент әдісі** деп аталды. Автордың өзіндік көзқарасы бойынша "тілді бақылаудың барлық түрлерінің төрттен үш бөлігі әрқашанда эксперимент" дейді. (Пешковский А.М. Вопросы методики родного языка, лингвистики и стилистики. М.: Л., 1930. С.133.) Стилистикалық талдау әдістерінің үлесі осы стилистикалық эксперименттен табылады дейді. Мұнда мәтіндегі синонимдер, антонимдер, омонимдерге талдау жасау, сондай-ақ көркем шығарма мәтінін құрайтын сөйлемдер негізіне қарай талдау сияқты, мысалы, синтаксистік синонимия -үйді ағаш шеберлері салды - ағаш шеберлері үйсалды тағы басқа осындай стильдік эксперименттік талдау әдісінің әрі қарай мазмұндық, формалық жетілдірілуінің нәтижесінде синхронды стильдік талдаудың **функционалдық жүйелі талдау әдісі** енгізілді. Бұл талдауды прагмалық функционалды лингвистер ұсынып, ең басты әдеби " үш қабатына: ауызекі сөйлеу (маркерленген), арнаулы (ғылыми тіл), поэтикалық тіл қабатына бөледі. Сондай- "функционалдық тіл" мен "функционалдық стиль" деген ұғымдар ажыратылады. Әрі қарай әсіресе, "функционалдық тіл" стилінің ерекшеліктеріне талдау жасалынған.

Әрине, тіл-тілде әр жылдар мен кезеңдерге қатысты әдеби тіл және көркем әдебиет нұсқалары, ауыз әдебиеті, сөйлеу тілі сияқты тілдік материалдар стилистикалық талдаудың нысанына айналды. Бертін келе, сол ізденістер үлесіне стильдік талдаудың жалпы бағыты мен түрлері айқындала бастады. Олар:

- Стильдік анализ, талдау - стилистика құралдарын анықтау деген сөз. Стиль түзетін тілдік құралдар стилистиканың аясы болып табылады.

- Стиль түзетін стилистикалық құралдар - коннотативті, үстеме мағына қосатын бағалауыштық лексика арқылықосымша реңк туғызады. Әр лексиканың стильдік бояуы әр түрлі сезімдік әсерге құрылады. Мысалы: *сұлу, әдемі, келбетті, ажарлы, бәденді, ару, әсем, әрлі* синонимдері мәтіндік қолданысында *сұлу* доминант сөзіне қарағанда түрліше әсермен қабылданады. *Қурату, сындыру, қаусату, бұзу, бүлдіру, талқандау, күйрету, күл-паршасы шығу, быт-шыт қылу* (ҚТТС 177 б. А., 19751. синонимдері сөйлемдегі стильдік әсерінен бұрын, сөздер сәл де болса өзара мағыналық топпен ажыратылады. *Бұзу* мен *күйрету* әрекеттің екі түрлі сатысын білдіреді.

- Стилистикалық құралдарға барлық тілдік амалдар кіреді. Сөздердің дыбысталуы, тіркесімділігі, интонация, қосымшалар, сөз мағыналары, сөйлем түрлері, тағы басқа жасалу жолдары.

"Маркерленген", яғни ерекше сөздердің функционалды /стильдік/ және экспрессивті түрлері болып бөлінеді. Функционалды түрлері - кітаби элементтер мәселен, терминдер мен терминдік тіркестер, неологизмдер, басқа тілден енген қосымша түрлері. Экспрессия түрлері - эмоционалдылық, бағалауыштық элементтер /ақымақ, кір қожалақ, мәңгүрт/. 5,6 пункттер бірін-бірі толықтырып отырады. Бұлар тілдің стилистикалық құралдары деп аталады. Стильдік құралдардың бір ерекшелігі олар кез келген жерде қолданыла бермей, шектеулі аяда қолданылады. Соған орай түрлі қосымша мағыналық реңк үстеп, сөйлеу мәнерін жандандыра түседі.

Стильдік құралдар - стиль деген ұғымға біріктіріледі. Содан барып, тілдік стиль мен сөйлеу стилі ажыратылады. Ол туралы: "Стиль языка одна из частных систем (или "подсистем"), входящих в общую систему. Понятие "стиля языка" в основном определяется теорией функций языка и их реальным разграничением. В этом аспекте стиль языка - это структурный облик функции языка в ее многообразных проявлениях" деп анықтаған В.В.Виноградов. (Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. М., 1963. С.201.)

Сөйлеу стилі бұл коммуникация заңдарына қарай тілдік қолданыстың белгілі бір мақсаты мен шарты бойынша жеке адамдардың қатынас құралының күллі қырларында байқалады. Ал поэтикалық стильдің бұл стильден түбегейлі айырмашылығы бар.

Стильдік құралдардың қолданылуы мен тілдік элементтердің құрылысына қарай, шығарма жанрлары айқындалады. *Стильдік құралдар мәтін ішінде ерекше мазмұн құрайды.*

Поэтикалық (көркем мәтін) мәтінді талдаудың варианттары жетерлік. Бұл салада филологиялық ізденістердің нәтижелері бар. Әсіресе көркем мәтінді талдауда зерттеу интуициясына қатты көңіл бөліну керек.

Мәселен, И.Р.Гальперин ұсынған мәтін талдаудың сатылы (деңгейлік-ступенчатый) талдау түрлері мыналар:

1. Мәтінді талдау - таксономдық жүйелеуден басталады. Мәтіннің қандай функционалдық стильде екендігі, жанры, мәтін құраудағы мәнгер - хабарлау, сипаттау, портрет, диалог, монолог, тағы басқа мәтіннің сыртқы құрылымдық жағын анықтау.

2. Мәтіннің хабарламалылығы - мәтін мазмұнының жалпы баяндалуы. Осы арқылы бұл арада мәтін мазмұнын қысқа тұжырымды сөзбен айтып беру, яғни тек түйіндеп аннотация ретінде хабарлап шығу. Мұнда мәтіннің құрамындағы тұтас тараулар, бөлімдер қамтылмайды.

3. Семантикалық әдіс мәтін бөлігін стильдік белгіленген (маркерленген) сөз, сөйлем мағыналарын микро-макро мәтіндердің ішкі қуатын анықтау үшін пайдаланылады. Мұндағы тәсіл - компоненттік анализ. Басты нәрсе -мәтіндегі барлық единицалар байланысын анықтау. (Соның ішінде арғы ассоциация жағы да ескеріледі).

4. Стилистикалық әдіс - мәтіндегі стильдік құралдар арсеналын анықтау. Мұнда барлық тілдік деңгейдегі тілдік элементтердің стильдік мазмұнын толық бағалау керек. Мысалы, ұйқас, ырғақ, аллитерация, ассонанс, образдылық, стильдік т.б.

5. Стильдік маркерлердің қызметін анықтау. Бұл жоғарыдағы екі процеспен қиылысады. Тілдік құралдардың болмыс, қоршаған ортамен байланысы анықталуы тиіс.

6. Синтездеу - бұл барлық талдаулардың жиынтығы. Алынған нәтижелердің қорытындысы. Автордың өзіндік қолтаңбасы, жеке тілдік мәнерін және тілдік құралдарды пайдаланудағы шығарманың ерекшелігі анықталады.

Жоғарыда көрсетілген стильдік талдаулар түрі тіл дамуының синхрондық кезеңінде тілдік фактілердің стильдік саралануындағы теориялық және практикалық ерекшеліктер арқылы стильдік әдістердің әр түрлілігін байқатады.

Тілдік анализ немесе тілдік талдау - деген ғылыми ауқымы кең, қамтитын мазмұны терең лингвостилистикалық талдау. Тіпті жай тілдік талдау дегеннің өзіне, мәселен, *синтаксистік, лексика-семантикалық, морфемдік-морфологиялық және фонетика-фонологиялық* деген сатыларда талданатын талдаулардың өзіне тән әдістері мен принциптері бар.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Б.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Томанов, Б.Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1974.
- 2.Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1974.
- 3.Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1988.
- 4.Исабаев А. Қазақ тілінің стилистикасы пәнінен лекция мәтіндері. – Ташкент, 2000.
- 5.Балақаев М. Жанпейісов Е. Томанов М. Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2005 ж.
- 6.Кожина М.Н. Стилистика русского языка. М., 1993 г.
- 7.Стилистика русского языка. Учебное пособие для студентов пединститутов. Л., 1989 г.